

Тіркелген салық ставкалары туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Аягөз аудандық мәслихатының 2011 жылғы 22 желтоқсандағы N 01-02/37-8 шешімі. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Аягөз аудандық әділет басқармасында 2012 жылғы 20 қаңтарда N 5-6-152 тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Аягөз аудандық мәслихатының 2018 жылғы 15 наурыздағы № 20/149-VI шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Аягөз аудандық мәслихатының 15.03.2018 № 20/149-VI шешімімен (алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Кодексінің 422 бабына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 бабы 1 тармағының 15) тармақшасына сәйкес Аягөз аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Аягөз ауданы аумағында айына салық салу объектісінің бірлігіне тіркелген салықтың ставкалар мөлшері қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. Аягөз аудандық мәслихатының 2011 жылғы 18 наурыздағы № 01-02/32-16 " 2011 жылға тіркелген салық ставкаларының айлық мөлшерлерін бекіту туралы" (2011 жылы 22 сәуірде нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 5-6-133 тіркелген, "Аягөз жаңалықтары" газетінің 2011 жылғы 30 сәуірдегі № 36 (10013) жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы
Мәслихат хатшысы

А. Шакиров
М. Темеков

Қосымша
Аягөз аудандық мәслихатының
2011 жылғы 22 желтоқсандағы
№ 01-02/37-8 шешімімен
бекітілген

Айына салық салу бірлігіне тіркелген салық ставкалары

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Аягөз аудандық мәслихатының 28.05.2013 N 15/101-V (алғаш ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

№	Салық салу объектілері	Тіркелген салық ставкасы (айлық есептік көрсеткіш бойынша)
1	Ойынды бір ойыншымен жүргізуге арналған ақшалай ұтыссыз ойын автоматы	2
2	Ойынды бірнеше ойыншымен жүргізуге арналған ақшалай ұтыссыз ойын автоматы	2
3	Ойынды жүргізу үшін пайдаланылатын дербес компьютер	1
4	Ойын жолы (боулинг, кегельбан)	5
5	Карт	2
6	Бильярд үстелі	3

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК